

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
2008ж 22 10
ЗАҢДЫ ТҮЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
№ 1132-1915-ИШС куәлік
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
2008ж 24 03

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БӨЛІМІ
2008ж 24 03
08034002118
БІЗНЕС-СӨЙКЕСТЕНІРУ
НӨМІРІ (БСН) БЕРІЛДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
2011ж 21 04
ЖАРҒЫҒА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ТІРКЕЛДІ
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
2008ж 27 03
№ 1132-1915-ИШС куәлік

Қатысушылардың кезектен
тыс жалпы жиналысының шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Хаттама № 02/10
«31» 03 2011 жыл

«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.»
(«Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк.»)
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
ЖАРҒЫСЫ

Астана қ-сы, 2011 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1. «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» (Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк.)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес құрылды.

1.2. Серіктестік – азаматтық құқығы және Қазақстан Республикасы заңнамасымен рұқсат етілген кез келген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін қажеттілік міндеттері бар, заңды тұлға - коммерциялық ұйым, ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

1.3. Серіктестіктің өз мөрі, дербес теңгерімі, банктерде есеп шоттары, фирмалық бланкісі бар. Серіктестік өз қызметтері мақсаттарына жету үшін келісімдер жасасуына, мүлкікті және дербес мүлік құқықтарына ие болуына, және басқа міндеттер мүлкікті және дербес мүлік құқықтар, шарттық және басқа да міндеттерді мойнына алуына, осы Жарғыға, құрылтайшылық келісім-шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотта талап қоюшы және жауапкер болуына құқығы бар.

1.4. Серіктестіктің толық атауы:

Қазақ тілінде: «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» (Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк.)» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

Орыс тілінде: «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» (Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк.)» Товарищество с ограниченной ответственностью;

Ағылшын тілінде: «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» (Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк.)» Limited Liability Partnership.

1.5. Серіктестіктің қысқаша атауы:

Қазақ тілінде: «KPI Inc.» ЖШС;

Орыс тілінде: ТОО «KPI Inc.»;

Ағылшын тілінде: «KPI Inc.» LLP.

1.6. Серіктестіктің орналасқан жері және мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Қарабатан ауданы, «Ұлттық индустриалды нефтехимиялық технопаркi» арнайы экономикалық аймағы.

1.7. Серіктестіктің қызмет ету мерзімі - шектелмеген.

2. Серіктестіктің заңды мәртебесі

Қызметінің мән-мағынасы мен мақсаттары.

2.1. Серіктестік өзінің заңды мәртебесіне мемлекеттік тіркелген күнінен бастап ие болады.

2.2. Серіктестіктің қолдану тілдері болып мемлекеттік (қазақ) тілі, сонымен қатар орыс тілі табылады. Барлық Серіктестік қызметімен байланысты құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасакталады.

2.3. Серіктестіктің өз фирмалық атауы және логотипі бар, олардың нұсқалары Серіктестіктің атқарушы органдарымен бекітіледі және белгіленген тәртіпте тіркеледі.

2.4. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес барлық иегерлік етуші мүліктерімен жауап береді. Серіктестік өз қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Серіктестіктің қатысушылары Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған жағдайлардан басқа кезде Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Серіктестіктің қатысушылары Серіктестік қызметімен байланысты өздерінің Серіктестіктің жарғы қорына салым үлестерінің құны шегінде ғана тәуекел залалдарын кешеді.

2.5. Серіктестік қызметінің негізгі түрлері:

1) Атырау облысындағы бірінші ықпалданған газ охимиялық кешеннің (бұдан әрі – Жоба), Жобаға қатысты инфрақұрылымдық нысандарының және «Тенгизшевройл» ЖШС

(бұдан әрі – Кешен) өндірістік ғимараттарынан газдық шикізатты жіберу құбырларының құрылысы;

2) Жобаны және Кешенді пайдалану, оның ішінде Кешенде өндірілетін өнеркәсіп өнімдерін өндіріп шығару және сату.

3) Жобаны және Кешенді инжиниринг жасауға, жобалауға және құрылысына байланысты және қажетті іс-шараларды жүзеге асыру, оның ішінде және онымен шектелмей, тапсырыс берушінің атқарымын және Жобаға, Кешенге қажетті жобалау, сатып алу және құрылыс келісім-шарттары бойынша және басқа да оған қатысты келісім-шарттар бойынша техникалық Бақылауды орындау;

4) Жобаны және Кешенді іске қосуға қажетті қаржыландыруды тартумен байланысты іс-шараларды жүзеге асыру;

5) Жобамен және Кешенде өндірілетін өнеркәсіп өнімдерін, оның ішінде барлық газ өңдеу және мұнай-химия өнімдерін өндіріп шығару және сату іс-шараларын жүзеге асыру.

2.6. Серіктестік Қазақстан Республикасы заңнамасымен және құрылтайшылық шартпен тыйым салынбаған қызмет түрлерімен айналыса алады.

2.7. Қазақстан Республикасы заңнамалық актілермен белгіленетін тізімдегі қызметтің жекелеген түрлерімен Серіктестік тек лицензия негізінде ғана айналыса алады.

3. Серіктестік қатысушылары

3.1. Серіктестіктің қатысушылары болып төмендегілер табылады:

1) «ҚазМұнайГаз Барлау Шығару» акционерлік қоғамы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу куәлігі № 15971-1910-АО 31.03.2004 жылы Астана қаласы Әділет департаменті берген, СТН 620100210124, мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Сол жағалау, Қабанбай Батыр к-сі 17, банктік реквизиттері: ЖСК KZ6560 1011 1000 0225 42 «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ ААФ, БСК/SWIFT: HSBKZKX, Кбе 17, КҰЖК 40206384;

2) «SAT & Company» акционерлік қоғамы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу куәлігі № 79711-1910-АО 15.08.2006 жылы Алматы қаласы Әділет департаменті берген, заңи мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, Мұқанов к-сі, 241, банктік реквизиттері: БСН 060840005025, СТН 600 700 233 440, ЖСК KZ2294806KZT22030426 (KZT), «Евразиялық Банк» АҚ № 6 филиалында, БСК EURIKZKA.

3.2. Серіктестікке жаңа қатысушыны қабылдау Заңның, осы Жарғының және құрылтайшылық шарттардың талаптарын орындаумен жүзеге асады, және серіктестіктің құрылтай шартына қосымша қосылу туралы келісім шартпен ресімделеді.

Қосылу туралы келісім-шарттың жағдайларынан туындайтын бөлімі өзгертілді деп саналатын қосылу туралы келісім шарт құрылтай шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Серіктестіктің құрылтай Шартына қосымша қосылу туралы келісім шарт нотариалдық куәландырылуы тиіс.

Серіктестіктің жаңа қатысушысы, қосылғандар туралы келісім шарттың шарттарынан туындайтын осынау құжаттардағы өзгерістерді есепке ала отырып, Құрылтайшылық шарт пен осы Жарғыға қосылған деп саналады.

Серіктестіктің шығып қалған қатысушысының үлесін сатып алуынан немесе басқа да үлестің өтуі негізінен Серіктестіктің қатысушы болған тұлға, оған үлес құқығы ауған кезден бастап құрылтайшылық шарт пен Жарғыға қосылған деп саналады.

4. Серіктестік қатысушыларының құқықтары

4.1. Қатысушылар:

1) Серіктестіктің іс басқармасына қатысуына;

2) Серіктестіктің қызметі туралы мәліметті алуына және оның бухгалтерлік және басқа да құжаттамамен танысуына;

3) Серіктестіктің қызметінен табыс алуына, таза табыс үлестірілу кезінде қатынасуына;

4) Серіктестіктің жоюылуы жағдайында, несиегерлермен есеп айырысқаннан кейін қалған Серіктестіктің мүлкіндегі өз үлесіне сәйкес еншісін немесе оның құнын алуына;

5) Қазақстан Республикасының заңымен қарастырылған тәртіпте өз үлесін оқшаулау арқылы Серіктестікке қатысын тоқтатуына;

6) Заңмен және (немесе) осы Жарғымен қарастырылған өзінің құқықтарын бұзатын Серіктестік органдарының шешімдерін сот тәртібімен даулауға;

7) өз есебінен Серіктестіктің қаржы есеп-қисабына аудит жүргізілуін талап етуге;

8) қатысушылардың кезектен тыс Жалпы жиналысына және Байқаушы кеңестің отырысына шақырылымын талап етуге құқылы.

4.2. Серіктестік қатысушыларының Заңмен, құрылтайшылық шартпен және осы Жарғымен қарастырылған басқа да құқықтары болуы мүмкін.

5. Серіктестік қатысушыларының міндеттері

5.1. Серіктестік қатысушылары:

1) құрылтайшылық шарттың талаптарын орындауға;

2) Серіктестіктің жарғы капиталына осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте, мөлшерде және тәсілмен үлестерін салу;

3) Серіктестіктің коммерциялық құпия деп мәлімдеген мәліметтерді жария етпеуге;

4) Серіктестіктің атқарушы органына, сонымен қатар тіркеушіге Серіктестік қатысушыларының тізілімін жүргізген жағдайда Заңмен қарастырылған мәліметтердің өзгеруі туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

5.2. Серіктестік қатысушыларының Серіктестік құрылтайшылық құжаттарымен, Заңмен және басқа да Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған басқа да міндеттері болуы мүмкін.

6. Серіктестіктің жарғылық капиталы және мүлкі

6.1. Серіктестіктің жарғылық капиталы 9 529 411 764, 70 (тоғыз миллиард бес жүз жиырма тоғыз миллион төрт жүз он бір мың жеті жүз алпыс төрт) тенге 70 тиынды құрайды.

6.2. Серіктестіктің мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу сәтіне Жарғылық капитал Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте және мерзімде төленеді және толықтай жасалады.

6.3. Қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімімен Серіктестіктің Жарғылық капитал мөлшері өзгеруі мүмкін.

Серіктестіктің жарғылық капиталының өсуі Серіктестіктің барлық қатысушыларының қосымша пропорционалды салым салуы арқылы; Серіктестіктің меншікті капиталы, оның ішінде оның сақтық қор капиталы есебінен жарғылық капиталының өсуі арқылы; Серіктестіктің қалған қатысушыларының келісімімен Серіктестік бір немесе бірнеше қатысушыларының қосымша үлес салу арқылы; Серіктестік құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау арқылы жүзеге асуы мүмкін.

Серіктестіктің жарғылық капиталының азаюы Серіктестіктің барлық қатысушылары салымдарының мөлшерін бара-бар мөлшерде азайту не жекелеген қатысушылардың үлестерін толық немесе ішінара өтеу арқылы жүзеге асуы мүмкін.

6.4. Серіктестіктің мүлкі Серіктестіктің алған оның қатысушыларының салымдары, табыстары, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбайтын басқа да табыс көздері есебінен қалыптасады.

6.5. Серіктестік Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен және құрылтай шартыменен белгіленген шегінде өз мүлкіне иегерлік етеді, қолданады және билік етеді.

7. Серіктестіктің органдары

7.1. Серіктестіктің органдары болып:

- 1) Серіктестіктің жоғарғы органы – Қатысушылардың Жалпы жиналысы;
- 2) Бақылаушы орган – Байқаушы кеңес;
- 3) Серіктестіктің атқарушы органы – Басқарма;
- 4) бақылаушы орган – Тексеру комиссиясы.

7.2. Таратылу жағдайында, Серіктестіктің істері Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген тарату тәртібіне сәйкес Серіктестік басқармасын қолына алған тарату комиссиясының (таратушы) билігіне өтеді.

8. Қатысушылардың Жалпы жиналысы

8.1. Қатысушылардың Жалпы жиналысы кезекті немесе кезектен тыс қатысушылардың Жалпы жиналысы ретінде шақырылуы мүмкін.

8.2. Кезекті қатысушылардың Жалпы жиналысын Басқарма жылына бір рет есепті жылдан кейінгі Наурыз айының 30-нан қалдырмай шақырады. Кезекті қатысушылардың Жалпы жиналысында Серіктестіктің жылдық қаржы есеп-қисабы бекітіледі, сонымен қатар осы Жарғыға және құрылтайшылық шартқа сәйкес басқа мәселелер қарастырылуы мүмкін. Басқа қатысушылардың Жалпы жиналысы кезектен тыс болып табылады.

8.3. Кезектен тыс (төтенше) Серіктестік қатысушыларының Жалпы жиналысы Заңмен, осы Жарғымен қарастырылған жағдайларда, сонымен қатар осындай жиналыстардың шақырылымын Серіктестіктің мүдделері талап ететін кез келген басқа да жағдайларда шақырылады.

Қатысушылардың кезектен тыс Жалпы жиналысы Басқарма дербес ықыласы бойынша, болмаса Байқаушы кеңестің немесе Тексеру комиссиясының бір мүшесінің талап етуі бойынша, болмаса жиынтықтылық жалпы дауыс санының оннан бірінен көп дауысқа иелік ететін Серіктестік қатысушыларының ықыласы бойынша шақырылады.

Егер, Байқаушы кеңестің, Тексеру комиссиясының немесе Серіктестік қатысушыларының талаптарына қарамастан, Басқарма қатысушылардың кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырмайтын болса, онда жиналысты өз бетімен Байқаушы кеңестің, Тексеру комиссиясының немесе жиынтықтылық жалпы дауыс санының оннан бірінен көп дауысқа иелік ететін Серіктестік қатысушыларының шақыруына болады.

Таратылу процесінде тұрған Серіктестік қатысушыларының кезектен тыс Жалпы жиналысын тарату комиссиясының (таратушы) шақыруына болады.

8.4. Барлық Серіктестік қатысушыларының қатысушылардың Жалпы жиналысына қатысуға, күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға араласуға және шешім қабылданған кезде дауыс беруге құқылары бар. Серіктестік қатысушысы Жалпы жиналысқа өзі қатысуына немесе өкіл жіберіп қатыстыруына болады.

Серіктестік қатысушыларының өкілі ретінде қатысушылардың Жалпы жиналысына, егер сенімгердің өзі тиісінше Басқарманың Төрағасы, Басқарма, Тексеру комиссиясының мүшесі болмаған жағдайда, Басқарманың Төрағасы, Басқарма мүшелері, Тексеру комиссиясының мүшелері қатысуына құқықтары жоқ.

8.5. Әрбір Серіктестік қатысушысы қатысушылардың Жалпы жиналысында дауыс берген кезде, егер басқа дауыс анықтау тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасымен немесе осы Жарғымен қарастырылмаған жағдайда, Серіктестіктің жарғы капиталындағы үлесіне сәйкес дауыс санына иелік етеді.

8.6. Қатысушылардың Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Серіктестік Жарғысының өзгеруі, оның ішінде оның жарғылық капиталының мөлшерінің, орналасқан жерінің және фирмалық атауының өзгеруі, немесе Серіктестік жарғысының жаңа редакцияда бекітілуі;

2) Серіктестіктің Байқаушы кеңесін сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, Байқаушы кеңес мүшелеріне сыйақы мөлшерін және төлеу тәртіптерін белгілеу;

3) Басқарма құру, Басқарма мүшелерінің өкілеттік мерзімдерін белгілеу және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатылуы;

4) жылдық қаржылық есептемесін бекіту және таза табысты үлестіру;

5) басқа шаруашылық серіктестіктерде, сонымен бірге коммерциялық емес ұйымдардағы Серіктестіктің қатысуы туралы шешім;

6) Серіктестікті қайта құру немесе тарату туралы шешім;

7) Серіктестік немесе оның мүлкін сенімгерлікпен басқаруға табыстау туралы шешім қабылдау және мұндай табыстаудың шарттарын анықтау;

8) Серіктестік мүлкінің барлық немесе бір бөлігінің кепілдігі туралы шешім қабылдау;

9) Заңмен сәйкес Серіктестіктің қатысушысының үлесін мәжбүрлі сатып алу туралы шешім;

10) Қатысушыларға және Серіктестіктегі үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы мәліметтің жеткізілу тәртібі мен мерзімдерін бекіту;

11) жарғылық капиталына Серіктестіктің қатысушыларының үлестерінің осы жарғының 2.5-ші тармағының 1)-5)-ші тармақшаларында көрсетілген қызмет түрлеріне байланысты емес мақсаттарға жұмсалуды туралы шешім;

12) құрылтайшылық келісім-шартта көрсетілген дивидендтерді төлеу саясатымен сәйкес Серіктестіктің дивидендтік саясатын және Серіктестіктің таза табысын үлестіру тәртібін бекіту;

13) Байқаушы кеңес, Басқарма және Тексеру комиссиясы туралы Ережелерді, ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдерін және бекітілуі осы Жарғымен Байқаушы кеңес, Басқарма құзыретіне жатқызылатын ішкі құжаттардан бөлек Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін тағы басқа құжаттарды қатысушылардың Жалпы жиналысы бекіткен тізім бойынша бекіту;

14) Серіктестіктің мүлкіне Заңмен сәйкес қосымша жарналар салу туралы шешім қабылдау;

15) Қазақстан Республикасы аумағында және шет елдерде Серіктестіктің филиалдары мен өкілеттіктерін құру туралы шешім қабылдау, сонымен бірге олар туралы ережелерді бекіту;

16) Серіктестіктің міндеттемелерін көбейту, оның ішінде және осымен шектелмей, кепілдік беру, облигациялар шығару, Серіктестіктің мүлкін лизингке беру;

17) Серіктестіктің қызметкерлерінің штаттық санын және Серіктестіктің ұйымдық құрылымын бекіту;

18) Серіктестіктің, уақытша бос ақшаны және бос ақшалай қалдықты басқару жөніндегі келісімнен басқа, сонымен бірге елеулі шарттарды өзгертпейтін осыған дейінгі бітім

жасалған келісімдерге өзгертулер енгізуден басқа, 3 000 000 000 (үш миллиард) тенгеден (барлығын қосқанда) асып түсетін сомаға (немесе оның эквивалентіндегі кез келген басқа валютада) кез келген келісімге (немесе жиынтықты бір-бірімен байланысты келісімдерге) бітім жасауы;

19) тарату комиссиясын тағайындау және тарату теңгерімін бекіту;

20) Басқарма Төрағасының ұсынысы бойынша акциясы (жарғы капиталдағы қатысу үлесі) Серіктестік иелігіне тиесілі заңды тұлғаның Бақылаушы, атқарушы органын сайлау, өкілеттік ету мерзімін анықтау, Серіктестіктің филиалдары және өкілдіктері жетекшілерінің өкілеттіктерін тағайындауы, тоқтатуы және өзгертуі;

21) Акциясы (жарғы капиталындағы қатысу үлесі) Серіктестікке тиесілі заңды тұлғаның Жарғысының, оның ішінде оның жарғы капиталы мөлшерінің, орналасқан жерінің және фирмалық атауының өзгертілуі, немесе акциясы (жарғы капиталындағы қатысу үлесі) жаңа редакциядағы Серіктестікке тиесілі заңды тұлғаның Жарғысын бекітілуі;

22) Акцияны (жарғы капиталындағы қатысу үлесін) немесе акциясы (жарғы капиталындағы қатысу үлесі) Серіктестікке тиесілі заңды тұлғаның мүлкінің бөлігін кепілдікке алу туралы шешімнің қабылдануы?;

23) Акциясы (жарғы капиталындағы қатысу үлесі) Серіктестікке тиесілі заңды тұлғаны қайта құру немесе тарату туралы шешімнің қабылдануы;

24) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен немесе Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттармен сәйкес Қатысушылардың Жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылатын басқа мәселелер.

8.7. Қатысушылардың Жалпы жиналысының құзіретіне айырықша жатқызылатын мәселелер Байқаушы кеңестің, болмаса Басқарманың қарауына жіберілуі мүмкін емес.

Қатысушылардың Жалпы жиналысы, осы Жарғыдағы белгіленген өзінің құзіретіне қарамастан, Серіктестіктің қызметімен байланысты кез келген мәселені қарауға қабылдап алуына құқығы бар.

Осы Жарғыға сәйкес Серіктестіктің басқа органдарының (Байқаушы кеңес немесе Басқарма) құзіретіне жатқызылатын және қатысушылардың Жалпы жиналысының қарауына қабылданған мәселелерді шешу қатысушылардың Жалпы жиналысының қарапайым түрде көпшілік дауысымен қабылданады.

9. Қатысушылардың Жалпы жиналысын шақыру және қатысушылардың Жалпы жиналысының шешім қабылдау тәртібі

9.1. Қатысушылардың Жалпы жиналысын шақыту тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасымен, құрылтайшылық шартпен және осы Жарғымен белгіленеді.

9.2. Қатысушылардың жалпы жиналысын шақырушы орган немесе тұлға (тұлғалар) Басқарма жүргізетін қатысушылардың тізілім көрсетілген мекен жайлар бойынша өтетін уақытын, орнын және ұсынылатын күн тәртібін көрсетіп, Серіктестіктің әрбір қатысушысына жиналыстың ашылу күніне дейін 20 (жиырма) күннен кешікпей оның өткізілетіні туралы жазбаша хабарлауына міндетті.

Хабарламада жиналыстың өткізілу уақыты мен орны, сонымен бірге ұсынылатын күн тәртібі көрсетілу тиіс.

Серіктестік Серіктестік қатысушыларына бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен қосымша хабарлауына құқылы.

9.3. Серіктестігінің кез келген қатысушысы жиналыстың ашылуына дейінгі 10 (он) күннен кешікпей Жалпы жиналыстың күн тәртібіне өз ұсынысын енгізуіне құқылы. Осы

мерзім ішінде, бәрін қосқанда дауыстардың жалпы санының жиырмадан біріне иелік ететін Серіктестік қатысушылары Жалпы жиналыстың күн тәртібіне өздері белгілеген мәселелерді кірістіруді талап етуге құқылы. Қатысушылардың Жалпы жиналысын шақырушы орган(дар) немесе тұлға (тұлғалар) үшін бұл талаптың орындалуы міндетті. Серіктестік қатысушыларының кез келгенінің ұсыныстары немесе талаптары бойынша Қатысушылардың Жалпы жиналысының алғашқы күн тәртібіне өзгерістер енетін болса, Қатысушылардың Жалпы жиналысын шақырушы орган(дар) немесе тұлға (тұлғалар), жиналыстың ашылуына дейінгі 7 (жеті) күннен кешікпей Серіктестіктің әрбір қатысушысына осы Жарғының 9.2. тармағында көрсетілген әдіспен хабарлауға міндетті.

9.4. Қатысушылардың Жалпы жиналысын шақырушы орган(дар) немесе тұлға (тұлғалар) келіп түскен ұсыныстарды қарауға және Жалпы жиналыстың күн тәртібіне кірістіру немесе ерекше бір себептер бойынша, егер ұсыныс (i) жалпы ұғыммен қисындалған болса немесе (ii) осы Жарғыға, құрылтайшылық шартқа немесе Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес келмеген жағдайда қайтарып жіберу туралы шешімді жиналыстың ашылуына дейінгі 10 (он) күннен кешікпей қабылдауға міндетті. Қатысушылардың Жалпы жиналысын шақырушы орган(дар) немесе тұлға (тұлғалар), ұсыныстарды қабылдаған кезде Жалпы жиналыстың күн тәртібіне енгізілген өзгерістер туралы Серіктестіктің қатысушыларына хабарлауға, сонымен бірге қатысушылардың Жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды енгізу бойынша ұсыныстарды кері қайтарған кезде қатысушылардың Жалпы жиналысының ашылуына дейінгі 7 (жеті) күннен кешікпей өтініш берушіге кері қайтару жөнінде дәлелді жауап беруге міндетті.

Қатысушылардың Жалпы жиналысының күн тәртібіне жалпы ұғымдағы мәселелерді, оның ішінде «әр түрлі», «басқа» және осыған ұқсас қисындарды кірістіруге тыйым салынады.

9.5. Қатысушылардың Жалпы жиналысын шақырушы орган(дар) немесе тұлға (тұлғалар) Серіктестіктің қатысушыларының жиналыстың ашылуына дейінгі 10 (он) күннен кешікпей жіберген талаптары бойынша оған жазбаша түрде және жиналыстың ашылуына дейінгі 7 (жеті) күннен кешікпей, күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша шешімдердің жобаларын, күн тәртібінде талқылануға кірістірілген құжаттардың көшірмесін, сонымен қатар осы Жарғымен, болмаса Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттармен қарастырылған басқа мәліметтерді жеткізуге міндетті.

9.6. Қатысушылардың Жалпы жиналысының ашылуы алдында Басқарма Төрағасы келген Серіктестік қатысушыларын және олардың өкілдерін тіркеуді жүргізеді. Серіктестік қатысушыларының өкілдері өздерінің тиісті өкілеттігін куәландыратын құжаттарды көрсетуге міндетті. Тіркелмей қалған Серіктестік қатысушысы (Серіктестік қатысушысының өкілі) кворум анықталған кезде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуына құқығы жоқ.

9.7. Қатысушылардың Жалпы жиналысы, егер келген Серіктестік қатысушыларының және олардың өкілдерінің тіркеу мәліметтері тиісті кворумның бар екенін шамалайтын жеткілікті негіз беретін болса, хабарланған уақытта ашылады. Егер де барлық Серіктестік қатысушылары немесе олардың өкілдері тіркеліп қойған, ескертілген және жиналыстың ашылу уақытының өзгертілгеніне қарсылығы жоқ болған жағдайлар болмаса жиналыс хабарланған уақыттан бұрыс ашылмауы тиіс.

9.8. Егер қатысып отырғандар немесе Серіктестіктің ұсынылған қатысушылары дауыстардың жалпы санының жартысынан көбіне бірігіп ие болған жағдайда қатысушылардың Жалпы жиналыс шарты құқықты және кворумының шарттары сақталған деп танылады. Егер күн тәртібіне кірістірілген мәселе бойынша шешім білікті көпшілік дауыспен немесе бірауыздан қабылдануы тиіс болса, егер қатысып отырғандар немесе оған

ұсынылған Серіктестік қатысушылары дауыстардың жалпы санының үштен төрт бөлігінің көбіне бірігіп ие болған жағдайда жиналыс шешім қабылдауға құқылы.

9.9. Кворум жетіспеген жағдайда, Қатысушылардың Жалпы жиналысы бірінші шақырылым күнінен бастап қырық бес күннен кешікпей қайта шақырылады. Қатысушылардың қайта шақырылған Жалпы жиналысы қатысушылардың Жалпы жиналысында қатысып отырғандар немесе ұсынылған Серіктестік қатысушыларының иегерлік ететін дауыстарының санына қарамай-ақ заңды болып табылады. Егер қатысып отырғандар немесе ұсынылған Серіктестік қатысушыларының иегерлік ететін дауыстарының біріккен саны жалпы дауыс санының жартысынан кем болса, онда бұндай жиналыс тек білікті көпшілік дауысты немесе бірауыздылықты талап етпейтін шешімдерді қабылдауға ғана құқылы.

9.10. Қатысушылардың Жалпы жиналысының хатшысы Қатысушылардың Жалпы жиналысында хаттама жүргізуге жауап береді. Хаттамаға қатысушылардың Жалпы жиналысының төрағалық етушісінің және хатшының қолы қойылады. Барлық қатысушылардың Жалпы жиналысының хаттамалары Б асқармада сақталынып қойылатын хаттамалар кітабіна тігіледі және кез келген уақытта Серіктестіктің кез келген қатысушысына танысу үшін көрсетілуі тиіс. Серіктестік қатысушыларының талаптары бойынша оларға хаттамалар кітабынан куәландырылған көшірмелер беріледі.

9.11. Күн тәртібіне кірістірілген мәселелерді талқыламас бұрын, Қатысушылардың Жалпы жиналысы кворум белгілеуге міндетті. Бұл талаптарды сақтамағандық кворумның бар екені белгіленгенге дейін Қатысушылардың Жалпы жиналысымен қабылданған барлық шешімдердің жарамсыздығына әкеліп соқтырады. Осы Жарғының 8.6-тармағының 1), 4) 6), 8) және 9)-тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша дауыс беру кезінде дауыс берудің тікелей алдында кворумды қайта белгілеу қажет.

9.12. Қатысушылардың Жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Серіктестік қатысушыларына тек хабарланған күн тәртібінде қаралатын мәселелер бойынша ғана шешім қабылдауға құқылы. Бұл ретте, қатысушыларының жалпы жиналысының күн тәртібіне кірістірілуін осы Жарғының 9.3-ші тармағына сәйкес Серіктестіктің қатысушылары талап еткен мәселелер, тіпті жиналысты шақырушы орган немесе тұлға (тұлғалар) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген міндеттерін орындамаған жағдайында да күн тәртібіне кірістірілді деп есептеледі.

9.13. Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімдері ашық дауыспен қабылданады. Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімдері осы Жарғының 8.6-тармағының 9)-тармақшасынан басқа мәселелер бойынша бірауыздан қабылданады.

Осы Жарғының 8.6-тармағының 9)-тармақшасы бойынша шешім қабылдаған кезде, үлесі мәжбүрлі тәртіппен сатылып алынған Серіктестік қатысушысы дауыс беруге қатыспайды және есептеу кезінде оған тиесілі дауыстар саны есепке алынбайды.

10. Байқаушы кеңес

10.1. Байқаушы кеңес Басқарма қызметіне бақылау жүргізеді.

10.2. Байқаушы кеңес Жобаның (Жоба үшін жобалау, сатып алу және құрылыс келісім шарты бойынша ақырғы өндірістік сынауды аяқтауды білдіреді) («Жобаның іске қосуы») коммерциялық өндірісінің іске қосуына дейін 5 (бес) адам құрамында және содан соң 7 (жеті) адам құрамында қатысушылардың жалпы жиналысымен құрылады. Байқаушы кеңестің құрамына «ҚМГ» БӨ 3 (үш) кандидат ұсынады, SAT 2 (екі) кандидат ұсынады, ал

Кобаны іске қосқаннан соң – «ҚМГ» БӨ 4 (төрт) кандидат ұсынады, SAT 3 (үш) кандидат ұсынады. Бұл ретте Серіктестік қатысушылары Серіктестіктің басқа қатысушыларының Байқаушы кеңестің мүшелері етіп кандидат сайлауына қарсы дауыс бере алмайды. Байқаушы кеңестің мүшелері 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Байқаушы кеңестің Төрағасын Байқаушы кеңестің мүшелері сайлайды.

10.3. Байқаушы кеңестің мүшесі ретінде тек жеке тұлға ғана тұра алады. Ол бір уақытта Басқарма мүшесі бола алмайды. Байқаушы кеңестің мүшелері өз міндеттерін орындау мерзімі ішінде Серіктестіктің мүддесінде адал ниетті және дәйекті әрекет етуге міндетті және Байқаушы кеңестің басқа мүшелеріне ол өздерінде болуы мүмкін мүдделер жанжалы барын немесе ықтимал мүдделер жанжалы туралы хабарлауға міндетті.

10.4. Байқаушы кеңестің қызмет ету тәртібі, олардың шешім қабылдауы, сонымен қатар Байқаушы кеңеске қатысты басқа да мәселелері осы Жарғымен, құрылтайшылық шартпен және Қатысушылардың Жалпы жиналысымен бекітілген Байқаушы кеңес туралы Ережелермен белгіленеді.

10.5. Байқаушы кеңестің құзіретіне төмендегілер жатады:

- 1) ұзақ мерзімді стратегия және серіктестіктің дамыту жоспарын бекіту;
- 2) серіктестіктің бюджетін, серіктестіктің бюджетіне өзгерістер және қосымшаларын бекіту;
- 3) Серіктестіктің тауарлық-материалдық қорларды, негізгі құралдар және материалдық емес активтерін қайта бағалау туралы шешім;
- 4) Байқаушы кеңестің хатшысы туралы Ережелерді, уақытша бос ақшаны Басқару Саясаты, еңбекақы төлеу және қызметкерлерге сыйақы төлеу Ережелері, оның ішінде лауазымдық қызметіне тесімін, қызметкерлерді әлеуметтік қолдау туралы Ережелерді, ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдерін және Қатысушылардың Жалпы жиналысымен бекітілген тізім бойынша бекітілуі осы Жарғымен Қатысушылардың Жалпы жиналысының немесе Басқарманың құзіретіне жататын ішкі құжаттардан басқа Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарды бекіту;
- 5) Серіктестіктің, уақытша бос ақшаны және бос ақшалай қалдықты басқару жөніндегі келісімнен басқа, сонымен бірге елеулі шарттарды өзгертпейтін осыған дейінгі бітім жасалған келісімдерге өзгертулер енгізуден басқа, 150 000 000 (жүз елу миллион) тенгеден асып түсетін және 3 000 000 000 (үш миллиард) тенгеден (барлығын қосқанда) асып түспейтін сомаға (немесе оның эквивалентіндегі кез келген басқа валютада) кез келген келісімге (немесе жиынтықты бір-бірімен байланысты келісімдерге) бітім жасауы;
- 6) Серіктестік немесе оның қызметтік, коммерциялық және басқа заңмен қорғалатын құпиядан тұратын қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 7) Басқарма Төрағасының ұсынысымен Серіктестіктің бас есепшісін, құрылымдық бөлім бастығын, ұйымның рәсімдерінің орындауына және сатып алуды жүргізуге жауапты тұлғаны тағайындау, лауазымынан босату;
- 8) Серіктестіктің жылдық қаржы есеп-қисабын және таза табысын үлестіру тәртібін бастапқы бекіту;
- 9) айлық басқарушылық есептемесін мақұлдау және жобаны іске асырудағы кесте бойынша тоқсан сайынғы есептемені бекіту;
- 10) Серіктестіктің залалының орнын толтыру тәртібін анықтау;
- 11) жылдық бюджеттің тиісті бабын көрсетіп, әр тоқсан сайынғы төлем жоспарын және өткен тоқсандағы төлемдер туралы есептемені бекіту;
- 12) Серіктестіктің Серіктестік пен басқа кез келген Серіктестік қатысушысы немесе кез келген Серіктестік қатысушысы бақылайтын, бақылауға алынатын немесе осындай

Серіктестік қатысушысының жалпы бақылауда тұрған кез келген тұлға, немесе лауазымды тұлға, немесе қандай да болмасын Серіктестік қатысушысы арасында бітім жасауы, бұзуы немесе өзгертуі Бұл ретте Байқаушы кеңестің тиісті мүшелері осындай мәселелерге дауыс беруден қалыс қалады;

13) Басқарма Төрағасының, Басқарма мүшелерінің, Байқаушы кеңес хатшысының, Тексеру комиссиясы мүшелерінің, Серіктестіктің филиалдарының және өкілдіктерінің басшыларының лауазымдық қызметтерінің мөлшерін, еңбекке ақы төлеу шарттарын және сыйлықақы беруді анықтау, сонымен қатар Басқарма Төрағасын және мүшелерін, Байқаушы кеңестің хатшысын, Тексеру комиссиясы мүшелерін және филиалдардың және өкілдіктердің басшыларын, олармен еңбек келісім-шартын бұзудан басқа, тәртіптік жазаға тарту;

14) Байқаушы кеңестің хатшысын сайлау;

15) Басқарма мүшелеріне, Байқаушы кеңес немесе Қатысушылардың Жалпы жиналысы тағайындайтын немесе келісетін (тағайындайтын) Серіктестіктің басқа да қызметкерлеріне басқа ұйымдарда жұмыс істеу және (немесе) лауазым ұстауға келісімін беру;

16) жеңіл автокөлік тиістілік нормативтерін, әкімшілік аппаратын орналастыруға арналған алаңдар нормаларын анықтау;

17) іссапар шығыны нормаларын, іссапарға жіберілетін Серіктестік қызметкерлерінің шығыс орнын толтыру тәртібі мен талаптарын анықтау;

18) қызметкерлерге мобилдік байланысты пайдалану құқығын берген кезде Серіктестік есебінен орны толтырылатын шығыстардың шектелімін, өкілдіктік шығыстардың шектелімін және басқа шектелімдерді анықтау;

19) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен белгіленген Қатысушылардың Жалпы жиналысының айырықша құзыретіне жатқызылмайтын басқа мәселелер.

Осы Жарғыға сәйкес Қатысушылардың Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қандай болса да мәселені Қатысушылардың Жалпы жиналысы Байқаушы кеңеске шешуге берген кезде, және бұл шешім бойынша Қатысушылардың Жалпы жиналысының бірауыздан бекітімі қажет болса, онда мұндай мәселенің шешімін Байқаушы кеңес бірауыздан қабылдауы тиіс.

10.6. Байқаушы кеңестің құзыретіне жатқызылатын мәселелер Басқарманың қарауына берілуі мүмкін емес.

10.7. Байқаушы кеңестің Төрағасы Байқаушы кеңестің жұмысын ұйыдастырады, оның отырысын жүргізеді, сонымен қатар Байқаушы кеңес қызметінің басқаруымен байланысты басқа қызметтерін атқарады.

10.8. Байқаушы кеңестің мәжілістері Жобаның іске қосылуына дейін күнтізбелік айда сирек дегенде бір рет және Жобаның іске қосылғанынан кейін күнтізбелік тоқсанда сирек дегенде бір рет жүргізіледі. Кезектен тыс отырыс оның Төрағасы немесе Басқарма Төрағасының ықыласымен (жиырма күннен кем емес уақыт ішінде хабарламаны жеткізу арқылы) немесе:

1) кез келген Байқаушы кеңес мүшесінің;

2) кез келген Серіктестіктің қатысушысының талап етуі бойынша шақырыла алады.

10.9. Байқаушы кеңестің мәжілісін шақыру жөніндегі талап Байқаушы кеңестің төрағасына мәжілістің ұсынылатын күн тәртібі көрсетілген тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы қойылады. Байқаушы кеңес төрағасының отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы Басқарма Төрағасына талап қоя отырып жүгінуіне құқылы, ал Басқарма Төрағасы Байқаушы кеңестің отырысын шақыруға міндетті.

10.10. Байқаушы кеңестің кезектен тыс отырыстары келесі ұсыныстарда көрсетілгендей шақырылады. Ұсынылатын күн тәртібі көрсетілген хабарламалар, оған ұсыныс және өзгерістен Байқаушы кеңестің мүшелеріне Байқаушы кеңестің кезекті мәжілісі үшін ескерілген тәртіпте және мерзімдерде бағытталады, алайда, ерекше жағдайларда, ескертуді жөнелтудің мерзімі Байқаушы кеңестің мүшелерінің жазбаша келісімі жағдайында ғана қысқартылуы мүмкін.

10.11. Байқаушы кеңестің Төрағасы немесе Басқарма Төрағасы шақырылу жөніндегі талаптың келіп түскен күнінен бастап 10 (он) күннен кешікпей Байқаушы кеңесті шақыру үшін әрекет етулері қажет.

10.12. Байқаушы кеңестің отырысты өткізу күні, уақыты және орны (егер басқасы Серіктестіктің қатысушыларымен келісілмеген болса, осы Жарғының 1.6-шы тармағында көрсетілген Серіктестіктің орналасқан жері болып табылады) туралы мәліметтер қамтылған отырысты өткізу туралы хабарлама отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар жалғанып отырысты өткізу күніне дейін 15 (он бес) күннен кешікпей Байқаушы кеңестің мүшелеріне бағытталуы тиіс.

10.13. Байқаушы кеңестің кез келген мүшесі Басқарма Төрағасына оның Байқаушы кеңестің отырысына қатыса алмайтыны жөнінде алдын ала ескертуге міндетті.

10.14. Байқаушы кеңес егер Жобаны қосқанға дейін оның отырысына Серіктестіктің әрбір қатысушысы тағайындаған Байқаушы кеңестің ең кем дегенде бір 1 мүшесі және Жобаны қосқаннан кейін Серіктестіктің әрбір қатысушысы тағайындаған Байқаушы кеңестің екі-екіден 2 мүшелері қатысып және дауыс беріп отырса, шешім қабылдауға құқылы.

10.15. Байқаушы кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Байқаушы кеңестің осы Жарғының 10.5 тармағының 1)-11) тармақшаларында көрсетілген мәселелер жөніндегі шешімдері, егер Байқаушы кеңестің барлық мүшелері бірауыздан даус берген болса, қабылданды деп есептеледі. Осы Жарғының 10.5 тармағының 12)-20) тармақшаларында көрсетілген мәселелер жөніндегі шешімдер Байқаушы кеңестің мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

Байқаушы кеңестің мүшесі Байқаушы кеңестің қабылданған шешімімен толықтай немесе жартылай келіспеген кезінде, ол осындай келіспеушілікті дауысқа салынған мәселе бойынша жазбаша түрде ерекше пікір түрінде жазуға міндетті, осындай пікірді хатшы Байқаушы кеңес отырысының хаттамасына түсіреді. Байқаушы кеңес сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде, Байқаушы кеңес мүшесінің ерекше пікірі жазбаша нысанда білдірілуі және толтырылған бюллетенге жалғануы тиіс.

10.16. Байқаушы кеңестің, оның көзбе-көз тәртіпте өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хатшы дайындап, оған Байқаушы кеңестің мүшелері мен хатшысы Байқаушы кеңестің өткізілген күнінен бастап 15 (он бес) күн ішінде қол қоюы тиіс хаттамамен ресімделеді.

10.17. Байқаушы кеңес төрағасының ұйғарымына қарай Байқаушы кеңестің қарауына жіберілген мәселелер бойынша шешім қабылдау сырттай дауыс беру арқылы ықтимал. Бұл ретте отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беру үшін бюллетендер қолданылады. Мәжілістің күн тәртібінің сұрақтары бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау Байқаушы кеңес төрағасы белгілеген мерзім ішінде алынған бюллетендер бойынша осы Жарғының 10.15-ші тармағында белгіленген кворум жиналған кезде алған қабылданған деп танылады.

10.18. Сырттай дауыс беруді жүргізген кезде бірыңғай нысанда дауыс беру бюллетендерін және дауыс беруге шығарылған(дар) мәселе(лер) бойынша материалдарын хатшы жасақтайды және Байқаушы кеңестің барлық мүшелеріне Байқаушы кеңес

төрағасының тиісті шешімін қабылдаған күнінен бастап 10 (он) күннен кешікпей жіберіледі (таратылады).

10.19. Сырттай дауыс бюллетені:

Серіктестіктің толық атауын;

Дауыс беруді жүргізу бастамашысы туралы мәліметтерін;

Дауыс беруге арналған бюллетендерді өткізудің Байқаушы кеңес мүшелерінің бюллетендер мен материалдарды алғаннан кейін 5 (бес) күннен кем болмайтын және 20 (жиырма) күннен аз болмайтын ақырғы күнін қамтуы тиіс.

10.20. Дауыстарды санаған кезде дауыс берудің біреуден көп варианты бар бюллетендер есепке алынбайды.

10.21. Байқаушы кеңестің сырттай дауыс беру шешімдері жазбаша түрде Байқаушы кеңес мүшелерінің келіп түскен бюллетендері жалғанып ресімделеді және Байқаушы кеңестің хатшысы оған қолын қояды.

10.22. Байқаушы кеңестің немесе қандай ма болмасын Байқаушы кеңестің комитет мүшелері Байқаушы кеңестің немесе осындай Комитеттің отырысына барлық отырыс қатысушыларына бір-бірімен тыңдап-сөйлесуге мүмкіндік беретін телефон көмегімен конференц-байланыс жүргізу немесе басқа байланыс түрін пайдалану арқылы қатыса алады. Байқаушы кеңестің немесе Байқаушы кеңес комитетінің отырысына осындай әдіспен қатысушы Байқаушы кеңестің немесе Байқаушы кеңес комитетінің мүшелерінің осы Жарғыға сәйкес дауыс беруге және кворум есебіне құқықтары бар. Осылай өткізілген Байқаушы кеңестің немесе Байқаушы кеңес комитетінің кез келген отырысы көзбе-көз тәртіпте өткізілген болып есептеледі.

10.23. Байқаушы кеңестің хатшысы тұрақты негізде Байқаушы кеңестің қарапайым көпшілік даусымен сайланады. Байқаушы кеңестің хатшысы Байқаушы кеңес мүшелеріне отырысқа қажетті материалдарды таратады, Байқаушы кеңес отырыстарының хаттамаларын ресімдейді және сақтайды, Байқаушы кеңес отырыстарының хаттамаларының көшірмелерін табыстайды және Қатысушылардың жалпы жиналысы бекіткен Байқаушы кеңестің Ережесіне сәйкес басқа қызмет түрлерін атқарады.

11. Серіктестік Басқармасы

11.1. Басқарма Серіктестіктің алқалық атқарушы органы болып табылады. Басқарма Серіктестіктің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес Серіктестік қызметін ағымдағы басқарумен айналысады, Қатысушылардың жалпы жиналысының және Байқаушы кеңестің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Басқарма Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен және ішкі құжаттармен Серіктестіктің басқа органдарының күзiретiне жатқызылмаған Серіктестіктің қызметі мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма шешімдері хаттамалар үлгісінде ресімделеді, Басқарма Төрағасы шешімдері бұйрық және ұйғарым үлгісінде ресімделеді.

11.2. Басқарма Басқарма Төрағасынан және Қатысушылардың жалпы жиналысымен Серіктестіктің басшы қызметкерлерінің арасынан сайланған басқа мүшелерден құралады. Мүшелер саны тақ болуы тиіс және 5 (бес) адамнан кем емес құрамда болуы керек.

11.3. Басқарманың құрамы мен өкілеттік мерзімі Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімімен анықталады. Басқарма төрағасы және оның мүшелері жаңа мерзімге қайта сайлана алады.

11.4. Басқарма мүшесі ретінде тек жеке тұлға ғана тұра алады. Ол Серіктестіктің қатысушысы болмауыда мүмкін. Басқарма төрағасының басқа ұйымдарда жұмыс істеуге

құқығы жоқ. Басқарма төрағасы өзінің мүдделері мен Серіктестік мүдделері арасында жанжал тудыруы мүмкін әрекеттерді, оның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен қарастырылған тыйымдарды ескеріп, орындаудан бас тартуы тиіс, ал егер ондай жағдай туындаған кезде Байқаушы кеңес пен Қатысушылардың жалпы жиналысына дереу хабарлауға міндетті.

11.5. Шақырылым, отырысты өткізу және Басқарманың шешімдер қабылдау тәртібі және басқа да мәселелер Қатысушылардың жалпы жиналысымен бекітілген Басқарма туралы ережелермен белгіленеді.

11.6. Басқарма төрағасы:

1) сенім хатсыз Серіктестіктің атынан оның үшінші тараптарымен қатынастарында, соның ішінде келісімдерді бітім жасауда әрекет етеді, мемлекеттік және басқа ұйымдарда Серіктестіктің мүддесін қорғайды, Серіктестіктің қызметкерлерімен еңбек келісім шарттарын жасайды;

2) Серіктестіктің өкілеттік құқығына сенім хат, соның ішінде қайта сенім білдіру құқығы бар сенім хат береді;

3) Басқарма мүшелері, Тексеру комиссиясы, Байқаушы кеңестің хатшысынан басқа, Серіктестік қызметкерлеріне қатысты оларды қызметіне тағайындау, олардың жұмыс орнын ауыстыру және жұмыстан шығаруы туралы туралы бұйрықтарды шығарады, еңбек келісім-шарттарына қол қояды, мадақтау шараларын қолданады және тәртіп жазасына тартады, Басқарма мүшелерінің арасындағы міндеттерді, сонымен бірге өкілеттік өрістерін және жауапкершіліктерді бөліп береді;

4) Серіктестік қызметкерлерінің лауазымдық қызмет нұсқаулықтарын бекітеді;

5) Акциясы (жарғылық капиталдағы қатысу еншісі) Серіктестікке жататын заңды тұлғаның (акционерлер) Қатысушыларының жалпы жиналыстың құзыретіне жататын қызметтер мәселелері бойынша Басқарманың және Қатысушылардың жалпы жиналысы қабылдаған шешімі негізінде акциясы (жарлық капиталдағы қатысу еншісі) Серіктестікке жататын заңды тұлғаның (акционерлер) Қатысушыларының жалпы жиналысында дауыс береді;

6) Ресімдерді ұйымдастыру және сатып алуды жүргізу үшін жауапты құрылымдық бөлімшенің жетекшісін өкілеттіктерін тағайындауға, тоқтатуға және өзгертуге Байқаушы кеңеске кандидатурасын ұсынады;

7) өкілдіктерін тағайындау, тоқтату және өзгерту үшін филиалдар және өкілеттіктердің жетекшілерінің кандидатурасын Қатысушылардың жалпы жиналысына ұсынады;

8) Басқарма төрағасы, Басқарма мүшелері, Байқаушы кеңестің хатшысы, Тексеру комиссиясы мүшелері, Серіктестік филиалдары мен өкілдіктері басшыларынан басқа, Серіктестік органдары бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес Серіктестік қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақы мөлшерлерін, еңбекке ақы төлеу шарттарын және сыйлықақы беруді анықтайды;

9) өзі болмаған жағдайда, өзінің міндеттерін орындауды Басқарманың бір мүшесіне жүктейді;

10) Байқаушы кеңес белгілеген мерзімдер мен үлгіде:

Серіктестіктің Дамыту жоспарының және бюджетінің іске асыруы туралы есептемені;

Серіктестіктің ұзақ мерзімді даму стратегиясының іске асырылуы туралы есептемені;

Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметі, еншілес және тәуелді ұйымдары туралы есептемені;

ай сайынғы басқару есептемесін тапсырады;

11) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен, Серіктестіктің ішкі құжаттарымен Басқарма Төрағасының құзіретіне жатқызылатын басқа мәселелер.

11.7. Басқарма құзіретіне мыналар жатады:

1) Серіктестіктің ағымдағы қызметін басқаруды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

2) Қатысушылардың жалпы жиналысының және Байқаушы кеңестің шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру және бақылау;

3) Серіктестіктің органдарымен бекітілген Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес, Серіктестіктің кадрлық саясатын жүргізу;

4) Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерде, сонымен бірге коммерциялық емес ұйымдарда қатысуы туралы мәселесі бойынша Қатысушыларының жалпы жиналысында шешім қабылдауы үшін қарастыру және бағыттау;

